

Жер теліміне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 148/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 20 сәуірде № 7254 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17-бабына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 10) тармақшасына сәйкес, Павлодар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Павлодар ауданы Чернорецк ауылдық округінің аумағында жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынбай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар ауданының әкімі

Ж. Шугаев

Павлодар ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 19 сәуірдегі
№ 148/4 қаулысына
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Ауданы, гектар	Нысалы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамы	0,0998	№ 34 катодты қорғаныс станциясының 0,4 киловольт - кабель желісін жүргізу мен пайдалану үшін	10	Павлодар ауданы, Чернорецк ауылдық округі